

"Қазақстан Республикасында жылжымалы темір жол құрамын тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 240-І бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2006 жылғы 14 ақпандағы N 36 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 24 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4102. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 3 сәуірдегі № 143 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2012.04.03 № 143 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 308-бабына, "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1948 нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасында жылжымалы темір жол құрамын тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 240-І бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 167-І (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2846-нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2004 жыл, N 29-32, 959-құжат;) және "1948 нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасында жылжымалы темір жол құрамын тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 240-І бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 21 шілдедегі N 280-І (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2960-нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2004 жыл, N 37-40, 999-құжат;) бұйрықтарымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен "Қазақстан Республикасында жылжымалы темір жол құрамын тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 11

шілдедегі N 240-I бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1948 нөмірмен тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында жылжымалы темір жол құрамын тіркеу ережесінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасында жолаушыларды, жүктерді және теңдеме жүкті темір жол көлігімен тасымалдау үшін қолданылатын жылжымалы темір жол құрамын тіркеуді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі - тіркеуші орган) жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы 5-1 тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Осы ережелерде белгіленген тәртіппен тіркелетін жылжымалы темір жол құрамын тіркеу, қайта тіркеу және кепілге беру:

1) егер өтініш беруші заңды тұлға болып табылса, заңды тұлғаның тіркелу орны бойынша;

2) егер өтініш беруші жеке тұлға, жеке кәсіпкер болған жағдайда салық төлеуші ретінде тіркелу орны бойынша жүзеге асырылады;"

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Заңды және жеке тұлғалар жылжымалы темір жол құрамын тіркеу және қайта тіркеу үшін тіркеуші органға мынадай құжаттарды:

Заңды тұлғаның өкілі:

1) заңды тұлғаның бірінші басшысының және бас бухгалтердің қолымен расталған осы Ереженің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес жылжымалы темір жол құрамының бар мүкәммал паркінің, оның ішінде сенімгерлік басқаруға немесе мүліктік жалға берілгеннің тізбесін;

2) осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес белгіленген үлгідегі өтінішін;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін;

4) өкілдің өкілеттігін растайтын құжатты, сондай-ақ оның жеке басын куәландыратын құжаттарды;

5) жылжымалы темір жол құрамын иеліктен айыру шартының немесе сенімгерлік басқаруға беру шартының, немесе мүлікті жалдау (жалға алу) шартының көшірмесін;

б) жылжымалы темір жол құрамына арналған техникалық куәлікті.

Жеке тұлғалар:

1) Жеке тұлғаның бірінші басшысының және бас бухгалтердің қолымен расталған осы Ереженің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес жылжымалы темір жол құрамының бар мүкәммал паркінің, оның ішінде сенімгерлік басқаруға немесе мүліктік жалға берілгеннің тізбесін;

2) осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес белгіленген үлгідегі өтінішін;
3) жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесін;
4) жылжымалы темір жол құрамын иеліктен айыру шартының немесе сенімгерлік басқаруға беру шартының, немесе мүлікті жалдау (жалға алу) ш а р т ы н ы ң к ө ш і р м е с і н ;

5) жылжымалы темір жол құрамына арналған техникалық куәлікті ұсынады.";

1 5 - т а р м а қ т а :

"Тіркеу, қайта тіркеу және жылжымалы темір жол құрамының кепілі" деген сөздер "Жылжымалы темір жол құрамын тіркеу, қайта тіркеу" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"он" деген сан "отыз" деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 15-1 тармақпен толықтырылсын:

"15-1. Кепілді тіркеу туралы шешім барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күнінен бастан екі жұмыс күнінің ішінде қабылданады. Өтініш берушіге кепілін тіркеуден бас тартқан жағдайда бес жұмыс күнінің ішінде жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.";

17-1 тармағындағы "қайта тіркеу және кепілге" деген сөздер "кепіл" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 17-2 тармақпен толықтырылсын:

"17-2. Жылжымалы темір жол құрамын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі бланк болып табылады және жылжымалы құрамының әрбір тіркелетін бірлігіне беріледі.";

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 6-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.С.Мұстафин) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

"Қазақстан Республикасында жылжымалы темір жол құрамын тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 240-І бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2006 жылғы 11 ақпандағы N 36 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар
министрінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 240-I
бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында
жылжымалы темір жол құрамын тіркеу ережесіне
6-қосымша



Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация министрлігі
КӨЛІКТІК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ

КББ _ _ _ _ _ Серия _ _ _ _ _ N _ _ _ _ _
Жылжымалы темір жол құрамын мемлекеттік
тіркеу туралы

КУӘЛІК

Осы куәлік "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына
с ә й к е с б е р і л д і

_____ (мүлік иесінің толық атауы)
және _____ үлгілі
санаты _____
сериясы, вагон түрі _____
зауыттық нөмірі _____
мүліктік нөмірі _____
секциясы _____
жасалған жылы _____
20__ жылғы " __ " _____ жылжымалы темір жол құрамын
мемлекеттік _____ тіркеуді _____ растайды.

Осы куәлік Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген барлық
жағдайларда қолданылады және жылжымалы құрамның иесін растайтын
құжатпен бірге көрсетіледі және ондағы келтірілген мәліметтер өзгерген
жағдайда _____ а у ы с т ы р ы л у ғ а _____ ж а т а д ы .

Берілген күні 20__ ж. " __ " _____

М.О.

Тіркеуші органның басшысы

Қолы, Т.А.Ә.а

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК